

Батыс Қазақстан облысы бойынша тексеру комиссиясы



Батыс Қазақстан облысында мәдениет саясатын дамытуға бағытталған бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін пайдалану тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

**Орал қаласы
2025 жыл**

**Батыс Қазақстан облысы бойынша
тексеру комиссиясының төрағасы
А.Ч.Қадырбековке**

Аудиторлық қорытынды

I. Кіріспе бөлік

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: Батыс Қазақстан облысында мәдениет саясатын дамытуға бағытталған бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін пайдалану тиімділігіне мемлекеттік аудит.

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты: Бөлінген бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін пайдалана отырып, оған жүктелген міндеттер мен функцияларға сәйкес мемлекеттік органның қызметін бағалау.

1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері: «Батыс Қазақстан облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы» ММ-сі (бұдан әрі – Басқарма), «Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының А.Н. Островский атындағы драма театры» МКҚК-ны (бұдан әрі – №1 Кәсіпорын), «Хадиша Бөкеева атындағы Батыс Қазақстан облыстық қазақ драма театры» МКҚК-ны (бұдан әрі – №2 Кәсіпорын).

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2023 жылдың қаңтарынан 2024 жылдың желтоқсан аралығы.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау.

«Батыс Қазақстан облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы» мемлекеттік мекемесі Батыс Қазақстан облысында мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану, тіл саясатын жүргізу, архив ісі қызметі салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

Басқарманың құрылтайшысы Батыс Қазақстан облысының әкімдігі болып табылады. Басқармаға қатысты коммуналдық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын «Батыс Қазақстан облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ, осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Басқарманың міндеттері:

- 1) мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану;
- 2) қоғамдық өмірдің барлық саласында мемлекеттік тілді кең ауқымды қолдану үшін жағдай жасау, мемлекеттік тіл саясатын тиімді жүзеге асыру, сондай-ақ Батыс Қазақстан облысында тұратын халықтар тілдерін дамыту;

Батыс Қазақстан облысында мәдениет саясатын дамытуға бағытталған бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін пайдалану тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудит нәтижелері

3) архив ісі және құжаттама жасау саласында мемлекеттік саясатты іске асыру.

Басқарманың барлығы қала және аудандарда 25 ведомстволары бар.

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері.

Аудиторлық іс-шара бөлінген бюджет қаражатын және мемлекеттік активтерін пайдалануды нәтижелілік, тиімділік және мәнділік көрсеткіштеріне сәйкес жүргізілді.

Мемлекеттік аудитпен жалпы сомасы 4 885 764,0 мың теңге бюджет қаражатымен 3 объект қамтылды, нәтижесінде объектілер бойынша келесі анықталды.

Аудитпен Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларының бұзушылықтарының жалпы сомасы 243 880,9 мың теңге анықталды, соның ішінде:

- 1) қаржылық бұзушылықтар 43 811,4 мың теңге (өтелуге жатады);
 - 2) бюджет қаражатын, активтерді тиімсіз пайдалану 40 267,5 мың теңге;
 - 3) бюджет қаражатын, активтерді тиімсіз жоспарлау 159 802,0 мың теңге;
- Сонымен қатар, 8 бірлік рәсімдік бұзушылықтары анықталды.

Басқарма бойынша анықталған бұзушылықтарының жалпы сомасы 195 155,2 мың теңге, соның ішінде:

- 1) қаржылық бұзушылықтар 862,7 мың теңге;
- 2) бюджет қаражатын, активтерді тиімсіз пайдалану 34 490,5 мың теңге;
- 3) бюджет қаражатын, активтерді тиімсіз жоспарлау 159 802,0 мың теңге;

Сонымен қатар, 3 бірлік рәсімдік бұзушылықтары анықталды.

1-тармақ. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет Кодексінің 32 бабының 2 тармағы және Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №195 бұйрығымен бекітілген Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидалары және олардың мазмұнына қойылатын талаптарының 3 тармағы бұзылып, 2023 және 2024 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламалары бюджеттік бағдарлама әкімшісімен бекітілмеген.

Осыған орай, бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін, тексерілетін объектінің бюджеттік бағдарламаларда көзделген тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізуін бағалау мүмкін емес.

2-тармақ. «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 04 желтоқсанындағы №434-V Қазақстан Республикасының Заңының 5 бабының 1-тармағының 3)- тармақшасы және мемлекеттік сатып алу туралы 2023 жылдың 24 мамырында № 22 келісім-шарттың 4.3 –тармағының 5)-тармақшасы сақталмай, Тапсырыс беруші мен Мердігер арасындағы мемлекеттік сатып алу

туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындауға қатысты төлем талабының шарты орындалмай, орындалған жұмысы үшін төлем Мердегерлерге тікелей аударылмай «БҚО әкімдігі мәдениет басқармасының Хадиша Бөкеева атындағы облыстық қазақ драма театры» МКҚК-на арқылы аударылған.

Аудит барысында «DamuBala» ақпараттық жүйесіндегі мәліметтерге сүйене, ішінара аудит жүргізілді.

«DamuBala» ақпараттық жүйесінде Танатарова Айсулу деген баланың бір мезгілде 4 ваучермен жүргені анықталды, атап айтқанда:

«Рауан» жеке кәсіпкерінде: 2022 жылдың 27 қаңтарынан бастап «Сахналық сөйлеу» үйірмесінде (ваучер №139708) және «Қазіргі заманғы би» үйірмесінде (ваучер №139709) қазіргі уақытта қатысып жүр.

Сонымен қатар, келесі өнім берушілерге «Студия танца К.К. Кадырбекова» ЖК-нің «Ұлттық би» үйірмесінде (ваучер №249679) 2023 жылдың 06 шілдесінен 2023 жылдың 31 желтоқсан айлары аралығында барлығы 57 рет қатынасқаны үшін 77,9 мың теңге төленген. «Айналайын Продюсерлік орталығы» ЖК-нің «Ұлттық би» үйірмесіне 2023 жылдың 09 шілдесінен бастап қазіргі уақытқа дейін қатысып жүргені үшін, яғни 2023 жылы 67 рет қатысқанына 91,6 мың теңге, 2024 жылы 138 рет қатысқанына 202,0 мың теңге, 2025 жылы 12 рет қатысқанына 18,7 мың теңге, барлығы 312,3 мың теңге төленген.

Осы екі өнім беруші «Студия танца К.К. Кадырбекова» ЖК-мен «Айналайын Продюсерлік орталығы» ЖК ретінде тіркелген кезде баланың ЖСН өзгертіліп, басқа баланың туу туралы куәлігі салынған.

3- тармақ. Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 28 сәуіріндегі №122 бұйрығымен бекітілген «Балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелерде мемлекеттік шығармашылық тапсырысты орналастыру және олардың жұмыс істеу қағидалары» қағидасының (2023 жылға дейінгі нұсқасында) 10-тармағы сақталмай, бір балаға 2 ваучерді артық пайдаланған, нәтижесінде 390,2 мың теңге негізсіз аударылған, оның ішінде: өнім беруші «Студия танца К.К. Кадырбекова» ЖК-не 77,9 мың теңге, «Айналайын Продюсерлік орталығы» ЖК-не 312,3 мың теңге.

Сонымен қатар, Орал қаласы Жаңаорда ш.а. 5/2 мекенжайында орналасқан «Тұмарым» өнер мектебінде «Ұлттық би» үйірмесінде Жаңақала ауданы Пятимар ауылының тұрғыны Жаңқабыл Айару Мендосқызы (ЖСН 140926600894) 2023 жылдың 1 қаңтарынан 2024 жылдың 31 қаңтары аралығында қатысқан деген фактісі күмән келтірді.

Мемлекеттік аудит барысында жолданған сұранысқа Жаңақала аудандық білім беру бөлімінің 2025 жылғы наурызындағы №68 хатына сәйкес, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары аралығында Пятимар жалпы орта білім беретін мектебінде оқығанын растаған.

Осыған орай, ағықталған негізсіз төленген бюджет қаржысы 2023 жылдың 1 қаңтарынан 2024 жылдың 31 қаңтары аралығында 214,5 мың теңгені құрайды.

4-тармақ. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N95-IV Бюджет Кодексінің 97 бабының 6-тармағы және Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 28 сәуіріндегі №122 бұйрығымен бекітілген «Балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелерде мемлекеттік шығармашылық тапсырысты орналастыру және олардың жұмыс істеу қағидалары» қағидасының 30-тармағы бұзылып, Пятимар жалпы орта білім беретін мектебінде оқитын Жаңқабыл Айару Меңдосқызын үйірмеге қатыспауына байланысты «Тұмарым» өнер мектебі бір жақты тәртіпте үйірмеден шығармаған, нәтижесінде орындалған жұмыстарды және (немесе) көрсетілген қызметті растаудың дұрыстығы қамтамасыз етілмей 214,5 мың теңге бюджет қаржысы негізсіз төленген.

5-тармақ. 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 103-бабы 1-тармағын бұза отырып, еңбек ақы төлеу барысында 54,2 мың теңгеге еңбек ақы қызметкерлерге аз төленген және «Орташа жалақыны есептеудің бірыңғай қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 908 бұйрығының 14-тармағын бұза отырып, Басқарманың қызметкерлеріне еңбек демалысы ақысын есептеу барысында 2021-2022 жылдардың нәтижесі бойынша бонустар төлемі енгізілмеген, бұл ретте бонустар 2023 жылдың ақпан және мамыр айларында төленгенін ескере отырып, есеп айырысу кезеңі шегіндегі жылдық сыйлықақыны, сыйақыны нақты төлеу айының алдындағы әрбір айға 1/12 мөлшерінде нақты төлемі есептелмегенін атап өту қажет, аталғандардың нәтижесінде қызметкерлерге төлемдер жетіспеушілігі орын алған, мысал ретінде С.З. Карабалина, Н.С. Кенжинге еңбек демалысы ақысын есептеудің есеп айырысу қағаздары қоса беріледі.

6-тармақ. 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 103-бабы 1-тармағы сақталмай, Басқарманың қызметкеріне еңбек ақы төлеуде 120,0 мың теңгеге артық төлем жасалған.

7-тармақ. «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысының 18-қосымшасы 1-тармағы, сонымен қатар «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы N393 Бұйрығы 187-тармағының нормалары сақталмай, Басқарманың қызметкерлеріне 55,8 мың теңге көлемінде артық төлем жүргізілуіне жол берілген.

8-тармақ. «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығының 236-тармағы сақталмай,

бухгалтерлік қызметпен 5-15А нысанының үзіндісі және жалақы бойынша бастапқы құжаттардың деректерімен (жалақыны есептеу ведомосі) салыстыру жүргізілмей, нәтижесінде 82,2 мың теңгеге артық төлемге жол берілген.

9-тармақ. «Мемлекеттік мекемелерде түгендеу жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2011 жылғы 22 тамыздағы №423 Бұйрығының 2-тармағы сақталмай, жыл сайынғы түгендеу жұмыстары белгіленген тәртіпке сай жүргізілмеген, бұл ретте түгендеудің негізгі міндеті пайдаланылмайтын материалдық құндылықтарды айқындау екендігін және тиісінше 2013 жылдан бері пайдаланылмаған 34 490,5 мың теңгенін активтердің мән-жайы ескерілмей, нәтижесінде Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексінің 4-бабы 12-тармағының талаптары сақталмай тиімсіз пайдалануға әкелген.

10-тармақ. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексінің 4 бабының 6-тармағымен қаралған негізділік принципі және 12- тармағында қаралған тиімділік қағидаты сақталмаған, нәтижесінде «Мәдениет үйінің ғимаратына күрделі жөндеу, мекен жайы БҚО, Жаңақала ауданы, Көпжасар ауылы, 6 үй» жобасы маңыздылығы жоқ жоба деп саналып күрделі жөндеуге берілген 159 802,0 мың теңге кері бюджетке қайтарылған.

«Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының А.Н. Островский атындағы драма театры» МКҚК-ны бойынша анықталған қаржылық бұзушылықтарының жалпы сомасы 4 589,0 мың теңге.

Сонымен қатар, 3 бірлік рәсімдік бұзушылықтары анықталды.

1-тармақ. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 14 ақпандағы № 14 бұйрығымен бекітілген Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларының 47,48- тармақтарын бұза отырып, басқарушы орган- Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасымен кәсіпорынның 2023 жылғы даму жоспарының орындалуына мониторинг жүргізгені жөнінде тізілімнің веб-порталында 28 - қосымшасын орналастырмаған.

2-тармақ. Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 241 бұйрығымен бекітілген Бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаларының 23 –тармағын бұза отырып, еңбек ақыны есептеу барысында деректердің дұрыстығы қамтамасыз етілмей, 135,4 мың теңгеге еңбек ақы артық есептелініп, төленген.

3-тармақ. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек Кодексінің 103 бабының 1-тармағын бұза отырып, кәсіпорын

жұмысшыларына 2024 жылдың қараша, желтоқсан айларында жұмыс жасамаған уақыттарына 814,0 мың теңгеге негізсіз еңбек ақы төленген.

4-тармақ. «Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлықақы беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу, сондай-ақ мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге бонустар төлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыз №1127 қаулысының 9 – тармағы сақталмай, кәсіпорынның 2 қызметкеріне бөлімше басшыларының ұсынымынсыз және кәсіпорын басшысының бұйрығынсыз 317,4 мың теңгеге сыйақы негізсіз төленген.

5-тармақ. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ Азаматтық кодексінің 298 бабы, «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V Заңының 43 бабының 24 – тармағы және 2023 жылдың 30 мамырындағы №180 мемлекеттік сатып алу шартының 7.3 – тармағы бұза отырып, «Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының А.Н. Островский атындағы драма театры» МКҚК-ны «ИнкомЭнерго-KZ» ЖШС-нен мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбы 2,6 мың теңгені ұстамаған.

6-тармақ. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12 бабының 4 - тармағының 3) - тармақшасы бұза отырып, «Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының А.Н. Островский атындағы драма театры» МКҚК –ы атынан әрекет еткен директор Какоило Ирина Ивановна 2023 жылдың 30 мамырындағы №180 мемлекеттік сатып алу шарты бойынша өз міндеттемесін тиісті түрде орындамаған «ИнкомЭнерго-KZ» ЖШС-н мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінбеген.

7-тармақ. «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы №234 Қазақстан Республикасының Заңының 13 бабының 2-тармағы және Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 16 қарашадағы №354 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік театрларға, концерттік ұйымдарға, мәдени-демалыс ұйымдарына, музейлерге және цирктерге субсидиялар төлеу қағидалары» қағидасының 5 - тармағы сақталмай, кәсіпорынның шығындарын жабу үшін бюджет қаражаты есебінен субсидиялау барысында, кәсіпорынның жыл басындағы меншікті қаражаты 3 241,2 мың теңге есепке алынбаған.

8-тармақ. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 01 наурызындағы №413-IV «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 137 бабын және кәсіпорын Жарғысының 4.4 - тармағын бұза отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, мемлекеттік кәсіпорынның жарғысында көзделмеген, қара және түсті металдардың сынықтары мен қалдықтарын сатудан алған табысын 81,0 мың теңгені кәсіпорын бюджет кірісіне аудармаған.

Батыс Қазақстан облысында мәдениет саясатын дамытуға бағытталған бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін пайдалану тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудит нәтижелері

«Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының «Хадиша Бөкеева атындағы Батыс Қазақстан облыстық қазақ драма театры» МКҚК-ны анықталған бұзушылықтарының жалпы сомасы 44 136,7 мың теңге, соның ішінде:

- 1) қаржылық бұзушылықтар 38 359,7 мың теңге;
- 2) бюджет қаражатын, активтерді тиімсіз пайдалану 5 777,0 мың теңге.

Сонымен қатар, 2 бірлік рәсімдік бұзушылықтары анықталды:

1-тармақ. Мемлекеттік басқару органы (БҚО мәдениет басқармасы) Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 14 ақпандағы №14 бұйрығымен бекітілген Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларының 49-тармағын бұза отырып, 2023 жылдың қорытындысы бойынша кәсіпорынның мақсаттары мен міндеттеріне, қызметінің негізгі көрсеткіштеріне, сондай-ақ Қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне қол жеткізу мониторингі бойынша есеп жүргізілмеген.

2-тармақ. Кәсіпорынның есеп саясатында Кәсіпорын қызметінің қажеттіліктері мен ерекшеліктеріне, атап айтқанда мәдениет саласындағы өндірістік – шаруашылық қызметке қолданылатын халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізудің негізгі принциптері ашылмағанын атап өткен жөн, яғни бұл кәсіпорын өзінің бухгалтерлік есебін жүргізуді жүзеге асыруы тиіс ережелер жиынтығы.

3-тармақ. Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2009 жылғы 11 тамыздағы N 1210 Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына арналған жанар-жағармай материалдары шығыстарының және автокөлікті күтіп ұстауға арналған шығыстардың нормаларының 3 тармағын бұза отырып, жалпы сомасы 267,3 мың теңгеге ЖЖМ артық есептен шығаруға жол берілді.

4-тармақ. Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 16 қарашадағы №354 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік театрларға, концерттік ұйымдарға, мәдени-демалыс ұйымдарына, музейлерге және цирктерге субсидиялар төлеу қағидаларының 8-тармағының 2)-тармақшасын бұза отырып, 4-қосымшаның ай сайынғы есептілік нысандарында 2023-2024 жылдардағы ақылы қызметтердің сомалары көрсетілмеген.

5-тармақ. «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы №234 Заңының 13-бабының 2 тармағы сақталмай, Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 16 қарашадағы №354 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік театрларға, концерттік ұйымдарға, мәдени-демалыс ұйымдарына, музейлерге және цирктерге субсидиялар төлеу қағидаларының 5-тармағын бұза

отырып, 2023-2024 жылдар кезеңінде жалпы сомасы 37 675,4 мың теңгеге субсидиялар (көрсетілмеген шығыстар бойынша) негізсіз өтелді, бұл ретте 2024 жылға, сондай-ақ 2025 жылға арналған субсидияларды қаржыландыру жоспарының кейінгі есептеулерінде 2023-2024 жылдардағы қызмет қорытындылары бойынша нақты шығыстардан қалыптасқан үнемдеу ескерілмеді.

6-тармақ. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы N413-IV Заңының 126-бабының 4-тармағын және Кәсіпорын Жарғысының «Қызметтің мәні, мақсаттары мен міндеттері» 3-бөлігін бұза отырып, үй-жайды жалға алғаны үшін «Кселл» АҚ-дан түскен сома 417,0 мың теңге сомасында кәсіпорынның қызмет көрсететін банктік шотына («БанкЦентрКредит» АҚ, «Jusan Bank» АҚ) қаражат түсімі Кәсіпорынның Жарғысына қызмет мәніне сай келмейтін қызметтер көрсету болып табылады және бұл сома бюджетке алынуға тиіс.

7-тармақ. Батыс Қазақстан облысы әкімдігі мәдениет басқармасының Хадиша Бөкеев атындағы облыстық қазақ драма театры МКҚК ғимаратын күрделі жөндеу жобасы бойынша 2020 жылы әзірленген құны 5 777,0 мың теңгенің жобалық-сметалық құжаттамасы іске асырылмаған және тиісінше тиімді емес, бұл Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексінің 4-бабы 6,9,12-тармақтарының қағидаттарына қарама-қайшы келеді.

2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе): (болған жоқ).

III. Қорытынды бөлік.

3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар:

Аудит барысында 43 268,9 мың теңге қаржылық бұзушылық бюджетке өтелді.

«Батыс Қазақстан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті» РММ-не мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінбегені үшін әкімшілік жауапкершілігін қарауға 1 материал жолданды.

3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар:

Мемлекеттік аудит көрсеткіштері:

нәтижелілік – әрбір қызмет бойынша белгіленген міндеттердің іске асырылу деңгейі және тиісті қызметтің жоспарлы (тікелей, түпкілікті) және нақты нәтижелерінің арақатынасы.

Арнайы көрсеткіш: бюджеттік бағдарламаларға қол жеткізу дәрежесі, яғни, бюджеттік бағдарламалардың қол жеткізілгендерге қатынасы (Нәтижелілік

= қол жеткізілген бюджеттік бағдарламалар саны/бюджеттік бағдарламалардың жоспарланған саны * 100%).

тиімділік – жоспарланған және алынған нәтижелердің оларға қол жеткізу үшін пайдаланылған ресурстар ескерілгендегі арақатынасы.

Арнайы көрсеткіш: бюджет қаражатын пайдалану тиімділігінің дәрежесі, яғни жоспарланған бюджет қаражатының игерілген бюджет қаражатына қатынасы, яғни есептеу бойынша: (тиімділік = игерілген бюджет қаражаты / жоспарлы бюджет қаражаты) * 100%)

бюджет қаражаты / жоспарлы бюджет қаражаты)*100%)

98-100% - тамаша;

91-97% - жақсы;

60-90% - қанағаттанарлық;

50% -дан аз – нашар.

мәнділік – жүргізілген мемлекеттік аудит мәселелері бойынша мемлекеттік аудит объектілерінің қызметінің нәтижелерінің және қаржылық-шаруашылық операцияларын орындауындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларының талаптарынан ауытқуы, сондай-ақ қабылданған шешімдерге әсер ететін басқа да бұзушылықтар мен ауытқулар маңыздылық деңгейі бөлінген бюджет қаражатының жалпы сомасының 5%-дан астам деңгейінде айқындалады.

Мемлекеттік аудитті жүргізу кезінде қолданылған көрсеткіштер бойынша мынадай қорытынды жасауға болады:

Басқарма бойынша:

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет Кодексінің және Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №195 бұйрығымен бекітілген Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидалары және олардың мазмұнына қойылатын талаптарының бұзылып, 2023 және 2024 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламалары бойынша бюджеттік бағдарламалардың әзірленбеуі және бекітілмеуі бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін, тексерілетін объектінің бюджеттік бағдарламаларда көзделген тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізуін бағалау мүмкін емес. Осыған орай аудит барысында нәтижелік критерилері бойынша бағалауға мүмкіндік болған жоқ.

2023 жылы қаржыландыру жоспары 7 бюджеттік бағдарлама бойынша 4 734 688,0 мың теңгеге қаралып, игерілгені 4 557 782,7 мың теңге, яғни 96,2% орындалған.

2024 жылы қаржыландыру жоспары 6 бюджеттік бағдарлама бойынша 5 183 526,0 мың теңгеге қаралып, игерілгені 5 165 918,7 мың теңге, яғни 99,6% орындалған.

Бюджет қаражатын пайдалану тиімділігі дәрежесі бойынша 2023 жылы жақсы, ал 2024 жылмен алғанда өте жақсы деген көрсеткішпен бағаланады.

Қаржылық және шаруашылық операцияларын жүргізу барысында басқарма Қазақстан Республикасының бюджеттік және басқа заңнамасының талаптарын сақтамаған, нәтижесінде бюджеттік бағдарламаны қалыптастыру кезінде, қаражатты пайдалану кезінде бірқатар бұзушылықтарға жол берілген.

Жалпы мемлекеттік аудитпен қамтылатын кезең аралығында аудитпен қамтылған 5- бюджеттік бағдарламасымен 2023 жылы 1 930 070,0 мың теңге және 2024 жылы 1 596 264,0 мың теңге, барлығы 3 526 334,0 қаржы бөлінген, аудит қорытындысымен Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарынан ауытқуы, яғни жалпы бұзушылығы 195 209,2 мың теңгені құрап отыр, яғни 5,5 % - яғни маңызды, өйткені белгіленген 5% мәнділік деңгейден артық, яғни бұзушылықтың негізгі үлесін мемлекеттік активтерді тиімсіз пайдалану және бюджет қаржысын тиімсіз жоспарлау бұзушылықтары орын алып отыр.

Оның ішінде қаржылық бұзушылық 784,9 мың теңге, яғни 0,03% - маңызды емес, өйткені белгіленген 5% мәнділік деңгейден артық емес.

«А.Н. Островский атындағы драма театры» МКҚК-ны бойынша:

Кәсіпорынның өндірістік негізгі көрсеткіштеріне: өткізілген спектаклдер саны, көрермендер саны жатады.

2023 жылы 268 спектакл жоспарланып, нақты орындалғаны 187 спектакл, яғни жоспар 69,8% орындалған. Қызмет көрсетілетін көрермендер саны 55 000 адамға жоспарланып, 42 000 адамға нақтыланған, нақты көрермендер саны 49 118 адам, яғни нақтыланған жоспардан 116,9% орындалған. 2023 жылға орташа орындалуы 96,7% құрайды, яғни Қазақстан Республикасының жоғары аудиториялық палатасы төрағасының 2023 жылғы 16 наурызындағы №36-б/н-Т бұйрығымен бекітілген квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметтің тиімділігіне аудит жүргізу әдістемесіне сәйкес, жоспарды іске асырудың жоғары деңгейінің тиімділігі деп бағалауға болады.

Алайда, 2023 жылы ақылы қызмет 25500,0 мың теңгеге жоспарланып, 43 000,0 мың теңгеге нақтыланған, нақты орындалғаны 46 602,0 мың теңге, яғни 108,3% ақылы қызметтен түскен түсім артығымен орындалған. Қорытындылай келе кәсіпорынға шараларды техникалық және дыбыстық жабдықтармен қамтамасыз ету қызметінен де түсімдер жақсы түсетінін көреміз.

2024 жылы 200 спектакл жоспарланып, нақты орындалғаны 188 спектакл, яғни жоспар 94,0% орындалған. Ал қызмет көрсетілген көрермендер саны 40 000 адамға жоспарланып, 55 000 адамға нақтыланған, нақты 46 598 адамға орындалған, яғни жоспар 84,7% орындалған. 2024 жылға орташа орындалуы 89,3% құрайды, яғни Қазақстан Республикасының жоғары аудиториялық палатасы төрағасының 2023 жылғы 16 наурызындағы №36-б/н-Т бұйрығымен бекітілген квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметтің тиімділігіне аудит жүргізу әдістемесіне сәйкес, жоспарды іске асырудың орта деңгейінің тиімділігі деп бағалауға болады.

Мемлекеттік аудитпен қамтылатын кезең аралығында барлығы 585 539,0 мың теңге қаржысы аудитпен қамтылды, оның ішінде: 2023 жылы 257 102,0 мың теңге, 2024 жылы 328 437,0 мың теңге. Аудит қорытындысымен барлығы 4 591,6 мың теңгенің қаржылық бұзушылығы анықталды, яғни 0,8%-құрайды. Бұл маңызды емес, өйткені белгіленген 5% мәнділік деңгейден артық емес.

«Хадиша Бөкеева атындағы Батыс Қазақстан облыстық қазақ драма театры» МКҚК-ны бойынша:

Қоғамның тарихи және ұлттық мүдделерін ескере отырып репертуарларды қалыптастыруды көздейтін кәсіпорынның қызметінің мақсаттары мен міндеттерін ескере отырып, 2023 жылға арналған жоспарда көзделген - 225 спектакль, іс жүзінде орындалды – 164 немесе 72,8% (стратегияны іске асырудың төмен деңгейінің тиімділігі).

2024 жылға арналған жоспарда - 230 спектакль көзделген, іс жүзінде – 110 немесе 47,8% орындалды (стратегияны тиімсіз іске асыру).

Бұл көрсеткіш 2024 жылдың қорытындысы бойынша кәсіпорын қызметінің тиімділігін көрсетпейді, ол спектакльдердің көрсетілімдерінің азаюына байланысты қалыптасты, өйткені театр ғимаратына 2023 жылдың 2-жартыжылдығынан бастап күрделі жөндеу жүргізілуде.

Өз мақсаттарын іске асыру үшін кәсіпорын 2023 жылдың қорытындысы бойынша 329 728 мың теңге сомасында субсидия бөлді, өз табыстары – 23 067,0 мың теңге, нақты шығыстары – 333 432,0 мың теңге, (бос (пайдаланылмаған) ақшалай қаражат – 19 363,0 мың теңге) құрады.

2024 жылдың қорытындысы бойынша 436 488,0 мың теңге сомасында субсидиялар бөлінді, меншікті кірістер – 16 332,7 мың теңге, нақты шығыстар – 434 508,3 мың теңге, (бос (пайдаланылмаған) ақшалай қаражат – 18 312,4 мың теңге).

Аудитпен 773 891,0 мың теңге сомасында аудитпен қамтылған көлемдерге жалпы сомасы 38 359,7 мың теңгеге қаржылық бұзушылықтар белгіленді, мұнда маңыздылық деңгейі - 4,95% құрайды, бұл жалпыға бірдей белгіленген маңыздылық шегінен төмен.

Аудиторлық іс-шараның нәтижесінде анықталған бұзушылықтарға алып келген себептер, ол объектілердің басшылары (директор) ұйымдастырушылық қабілетінің жоқтығы немесе тиісті деңгейінде болмауы, мамандардың біліктілігі төмендігі немесе олардың ұқыпсыздығы.

Аталған себептер жиынтықта немесе әр-бір себеп жеке, аталған бұзушылықтарға алып келуіне себеп болады.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 28 сәуірдегі № 122 бұйрығымен бекітілген Балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелерде мемлекеттік шығармашылық тапсырысты орналастыру және олардың жұмыс істеу қағидалары бойынша ваучердің қолданылу мерзімі кезеңінде екі сынақ сабағын өткізу және өнім беруші баланы

шығармашылық үйірмеден келесі негіздер бойынша бір жақты тәртіпте шығару негіздері бекітілген.

Жоғарыда анықталған бұзушылық жіберліген жағдайда өнім берушілердің жауапкершілігі бекітілмеген.

Болашақта өнім берушілер тарапынан бұндай бұзушылық болдырмау және қызмет сапасының деңгейін арттыру мақсатта қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылыққа жатпайтын бұзушылық жасаған өнім берушілердің жауапкершілігін белгілеу қажет деп есептейміз. Жосықсыз өнім берушілер тізілімін енгізіп және осы тізілімге өнім берушілерді енгізу негіздемелерін қарастыру қажеттілігі туындайды.

Сонымен қатар, «ДамуБала» бағдарламасының жүзеге асырылуын талдау барысында балалар мен олардың заңды өкілдеріне алдыңғы таңдаған үйірмеден бас тартып жаңа үйірмені таңдау мүмкіндігін беру қажеттілігі анықталды. Қазіргі таңда жүйеде ваучер автоматты түрде кезектегі келесі қатысушыға өтеді, бұл баланы балама үйірмені таңдаудан айырады.

Баланың үйірмеге қабілеттілігін анықтау үшін екі сынақ сабағы жеткіліксіз, өйткені баланың дамуын талдау ұзақ процесс.

Балалардың қызығушылығы мен қажеттіліктерін ескермей жасалатын формалды таңдау үлесін азайту үшін балалар мен олардың заңды өкілдеріне жылына бір рет үйірмеден бас тартып жаңа үйірмені таңдау құқығын бекіту қажет.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 28 сәуірдегі № 122 бұйрығымен бекітілген Балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелерде мемлекеттік шығармашылық тапсырысты орналастыру және олардың жұмыс істеу қағидаларына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттілігі туындайды.

3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар:

1. Батыс Қазақстан облысы бойынша тексеру комиссиясының отырысында Батыс Қазақстан облысының Құрылыс басқармасы қызметінің тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудиторлық іс-шара нәтижелері бойынша материалдарды қарау.


2. Мемлекеттік аудит объектілері тарапынан аудит барысында және Тексеру комиссиясының отырысына дейін 43 268,9 мың теңге бюджетке өтелгені ескерілсін.

3. Жосықсыз өнім берушілер тізілімін енгізіп және осы тізілімге өнім берушілерді енгізу негіздемелерін қарастыру үшін және балалар мен олардың заңды өкілдеріне жылына бір рет үйірмеден бас тартып жаңа үйірмені таңдау құқығын бекіту үшін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 28 сәуірдегі № 122 бұйрығымен бекітілген Балалар мен


жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелерде мемлекеттік шығармашылық тапсырысты орналастыру және олардың жұмыс істеу қағидаларына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу үшін ұсыным жіберілсін.

3.4. Қосымша: Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі, мемлекеттік аудит объектілері қалпына келтірген және өтеген қаражат жөніндегі ақпарат 5 парақта тіркелді.

Тексеру комиссиясының мүшесі

 **Қ.Ғ. Жапақов**

Аудит жүргізуге жауапты бөлімнің басшысы

 **А.С. Джалмуханов**


Талдау, сапаны бақылау және құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы

 **А.К. Сибатова**

Аудит тобының жетекшісі мемлекеттік аудитор

 **Э.А. Амантаев**

Аудиторлық іс-шараны өткізген мемлекеттік аудиторлар

 **К.С. Колякова**

 **С.О. Бекмухамбетова**